

## Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 24 наурыздағы № 152 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 26 сәуірде № 6910 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 6 маусымдағы № 394 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.06.06 № 394 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 58-бабы 5-тармағына с ә й к е с

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (Бейсен Н.Е.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгілеген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаменті осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Мына бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек көрсету сапасын басқару жүйесін жетілдіру бойынша ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 32 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5545 тіркелген, 2009 жылғы 6 наурыздағы № 35 (1632) «Юридическая газета» газетінде жарияланған);

2) «Медициналық қызметтер көрсету сапасының ішкі және сыртқы сараптамаларын ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2009 жылғы 10 қарашадағы № 677 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5878 тіркелген, 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 195 «Юридическая газета» газетінде жарияланған).

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

С. Қайырбекова

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің

2011 жылғы 24 наурыздағы

№ 152 бұйрығына қосымша

## **Медициналық қызметтердің сапасының ішкі және сыртқы сараптамаларын ұйымдастыру және жүргізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже медициналық қызметтер көрсету сапасының ішкі және сыртқы сараптамасын ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарына және жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаларға (бұдан әрі - денсаулық сақтау субъектілері) қолданылады.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) медициналық қызметтер көрсету сапасын бағалау индикаторлары - медициналық қызметтердің тиімділігін, толықтығын және денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестілігін көрсететін көрсеткіштері және оның құрамына мынадай индикаторлар кіреді;

құрылым индикаторлары - адам, қаржы және техникалық ресурстармен қамтылу көрсеткіштері;

үдеріс индикаторлары - профилактика, диагностика, емдеу және оңалту технологияларының орындалуын бағалау көрсеткіштері;

медициналық қызметтер нәтижелерінің индикаторлары - денсаулық сақтау субъектілері медициналық көмек көрсетуі немесе көрсетпеуі нәтижесінде денсаулыққа келтірілген зардапты бағалау көрсеткіштері;

2) медициналық құжаттама – көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасы көрсетілетін пациенттің денсаулығы туралы деректерді жазуға арналған құжаттар;

3) медициналық қызметтер көрсету сапасын басқару - өзінің қызметін жоспарлауды, ұйымдастыруды, уәждемелеуді, ішкі аудитті қамтитын, сондай-ақ пациенттер үшін медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және денсаулық сақтау ұйымының деңгейінде өзінің қызметіндегі

кемшіліктердің алдын алу мен жоюға бағытталған үздіксіз, өзара байланыстағы қимылдардың жүйелі, тәуелсіз және құжатталған үрдісі;

4) ауруханаішілік комиссиялар - медициналық қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша медициналық ұйымның ішінде құрылған комиссия;

5) ішкі бақылау қызметі (аудит) – медициналық ұйым деңгейінде медициналық көмек сапасын басқару бойынша қызметті жүзеге асырушы және тиісті өкілеттігі бар медициналық ұйымның құрылымдық бөлімшесі;

6) клиникалық аудит - олардың денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгіленген стандарттарға сәйкестігіне жүргізілген емдеу-диагностикалық іс-шаралардың толық ретроспективалық және/немесе ағымдық талдауы;

7) ішкі индикаторлар – медициналық ұйымның әрбір құрылымдық бөлімшесінің медициналық қызметінің тиімділігін, толықтығын және медициналық қызметтер сапасын талдау және бағалау үшін денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестігін сипаттаушы көрсеткіштер;

8) сыртқы индикаторлар - медициналық қызметтер сапасына талдау және бағалау жүргізу нысаналы медициналық қызметтер тиімділігінің, толықтығының және денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестігін сипаттаушы көрсеткіштер ;

9) индикатордың шектік мәні – жағымды құбылысты сипаттаушы индикаторлар үшін мақсаттық немесе жағымсыз құбылысты сипаттаушы индикаторлар үшін жол берілуші ретінде белгіленген мән.

10) өзін-өзі бағалау – ішкі индикаторларға сәйкес өз медициналық қызметін бағалау үшін медициналық қызметкер және медициналық ұйымның әрбір құрылымдық бөлімшесінің медицина қызметкерлері мен басшысы жүргізетін процесс .

3. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама ішкі және сыртқы сараптама болып бөлінеді .

4. Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі сараптаманы (бұдан әрі - ішкі сараптама) әрбір медициналық ұйымда құрылған ішкі бақылау (аудит) қызметі жүргізеді. Осы қызметтің құрылымы мен құрамын көрсетілетін медициналық қызметтердің көлеміне қарай медициналық ұйымның басшысы бекітеді .

5. Медициналық қызметтер сапасына сыртқы сараптама (бұдан әрі - сыртқы сараптама) медициналық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру шеңберінде медициналық және фармацевтикалық қызметтерді мемлекеттік бақылау органы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 қазандағы № 1559 қаулысымен бекітілген денсаулық сақтау саласында аккредиттеу Ережесіне сәйкес аккредиттелген тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып , өткізіледі .

6. Медициналық қызметтер сапасына сараптама жүргізу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 9 қарашадағы № 672 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің № 5870 мемлекеттік тіркелімінде тіркелген) Тәуелсіз сарапшыларды тарту ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

7. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама жүргізу барысында:

1) диагностика және емдеу стандарттарын сақтау мәніне мамандардың і с - қ и м ы л ы н а ;

2) денсаулық сақтау субъектілерінің материалдық-техникалық ресурстарының жарақтандыру нормативінің сәйкестігіне бағалау жүргізіледі.

8. Медициналық қызметтер сапасына сараптама жүргізудің негізгі қ а ғ и д а л а р ы :

1) жүйелілік - медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама құрылым индикаторларымен, үдеріс пен нәтижелерімен байланыстырылып жүзеге а с ы р ы л а д ы ;

2) объективтілік - медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама денсаулық сақтау саласындағы бекітілген стандарттарды пайдалана отырып жү з е г е а с ы р ы л а д ы ;

3) жариялылық - медицина қызметкерлерінің көзінше тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен жүзеге асырылады.

9. Медициналық қызметтер көрсету сапасының деңгейін нақты жағдай бойынша анықтау медициналық көмек сапасының денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкестігі мәніне жүргізіледі.

10. Медициналық көмек сапасы деңгейін жалпы денсаулық сақтау субъектісі бойынша анықтау математикалық моделдеу жолымен жүргізіледі.

## **2. Медициналық қызметтердің сапасына ішкі сараптаманы ұйымдастыру тәртібі**

11. Ішкі сараптаманы әрбір медициналық ұйымда құрылған ішкі бақылау ( а у д и т ) қ ы з м е т і жү р г і з е д і .

12. Ішкі бақылау (аудит) қызметі медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды, медициналық ұйымдардың клиникалық қызметін талдауды, медициналық көмек көрсету тәртібін және денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды бұзу фактілерін анықтауды, сондай-ақ емдеудегі пациенттердің шағымдарын қарау бес күннен аспайды. Ішкі бақылау (аудит) қызметі жүргізген аудиттің нәтижесі бойынша медициналық ұйымның басшысы анықталған себептерді және көрсетілетін медициналық қызмет сапасының төмендеу жағдайын жою жөнінде ұсыныстар енгізеді.

13. Ішкі сараптама осы Ережеде белгіленген медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама жүргізу принциптері сақтала отырып жүргізіледі.

14. Ішкі сараптама көп деңгейлі сипатқа ие: өзін-өзі бақылау, бөлімшелер басшыларының деңгейіндегі бақылау, ішкі бақылау (аудит) қызметі жүзеге асыратын бақылау.

Өзін-өзі бақылау деңгейіндегі ішкі сараптаманы бөлімшенің дәрігері, мейірбике жүзеге асырады.

Бөлімшенің деңгейінде ішкі сараптаманы бөлімше меңгерушісі мен аға мейірбике жүзеге асырады.

Ұйымның деңгейінде ішкі сараптаманы денсаулық сақтау ұйымында жалпы көмектің сапасын қамтамасыз етуге құрылымдық тәсілді белгілейтін ішкі бақылау (аудит) қызметі жүзеге асырады.

15. Ішкі сараптама медициналық көмектің сапасын ретроспективті бағалау арқылы және пациенттер медициналық көмекті алған сәтте жүргізіледі.

16. Стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда ішкі сараптама жүргізу кезінде барлық жағдай талданады: өліммен аяқталған жағдайлар; ауруханаішілік жұқпалардың туындау фактілері; асқынулар, оның ішінде операциядан кейінгі асқынулар; алдыңғы сапасыз емдеудің салдарынан бір айдың ішінде сол ауруы бойынша қайта емделуге жату; емдеу мерзімдерін ұзарту немесе қысқарту; диагноздардың сәйкессіздігі.

17. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарда ішкі сараптаманы жүргізу кезінде барлық жағдай талданады: ана өлім-жітімі; 0 жастан 5 жастағы балаларды қоса алғанда үйде өлу; еңбекке қабілетті жастағы адамдардың үйде өлуі; жүктілік асқынулары; еңбекке қабілетті жастағы адамдардың алғаш мүгедектікке шығуы; стационардан шығарылғаннан кейін азаматтарды бақылау; онкологиялық аурулар мен туберкулездің асқынған нысандары; емдеу мерзімдерін ұзарту немесе қысқарту; диагноздардың сәйкессіздігі.

18. Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда ішкі сараптама жүргізу кезінде ақылы және тегін негізде қан тапсырған барлық донорлардың медициналық карталары сараптамаға жатады.

19. Ішкі сараптаманы жалпы жедел медициналық жәрдем ұйымдары бойынша жүргізген кезде ішкі сараптамаға мынадай барлық жағдайлар жатады:

тәуліктің ішінде бір ауруы бойынша қайта шақыртулар;  
шақыру кезіндегі өлім: бригада келгенге дейінгі өлім, бригаданың  
қ а т ы с у ы м е н б о л ғ а н ө л і м ;

науқастарды емдеуге жатқызған жағдайда жедел жәрдем бригадасы мен  
стационар диагноздарының сәйкессіздігі.

20. Медициналық көмек көрсетудің барлық жағдайлары ішкі сараптамаға  
ұшыраудың бірдей мүмкіндігіне ие, бұл кездейсоқ таңдаудың статистикалық  
әдісімен қ а м т а м а с ы з етіледі.

Бір айдың ішінде стационарлық ұйым бөлімшесінің меңгерушісі кемінде 50%  
аяқталған жағдайға, басшының емдеу ісі мәселесі жөніндегі орынбасары әрбір  
тоқсанның ішінде сараптаманың 5% жағдайына сараптама жүргізеді.

Емханада бөлімше меңгерушісі кемінде 10% аяқталған жағдайға,  
ауруханаішілік бақылау сарапшылары тоқсанына кемінде 30 сараптама жүргізеді

21. Ішкі сараптама жүргізу барысында оның барлық деңгейінде:

1) диагностикалық іс-шаралардың толықтығы мен уақытылығы, емдеу  
іс-шараларын таңдау мен сақтаудың барабарлығы, диагнозды қою дұрыстығы  
м е н н а қ т ы л ы ғы б а ғ а л а н а д ы ;

2) кемшіліктер мен олардың себептері анықталады;

3) анықталған кемшіліктерді жою және алдын алу бойынша ұсынымдар  
ә з і р л е н е д і .

22. Басқарушылық шешімдерін талдау және қабылдау үшін нақты дәрігердің,  
құрылымдық бөлімшенің қызметіне жүргізілген бағалаудың қорытындысы  
бойынша және денсаулық сақтау субъектісі бойынша мыналар айқындалады:

1) анықталған кемшіліктер жалпы саны, олардың құрылымы, мүмкін болатын  
себептері м е н о л а р д ы ж о ю ж о л д а р ы ;

2) денсаулық жағдайын нашарлатуға әкеп соққан анықталған ауытқулардың  
с а н ы ;

3) медициналық көмек көрсетуге шығындардың ұлғаюына әкеп соққан  
а н ы қ т а л ғ а н а у ы т қ у л а р д ы ң с а н ы .

23. Ішкі сараптаманың нәтижелері сыртқы сараптаманың нәтижелері  
пайдаланады және салыстырылады, соның негізінде ішкі бақылау (аудит)  
қызметі жұмысының сапасы мен дұрыстығы туралы қорытынды жасалады.

24. Ішкі сараптаманың нәтижелері, оның ішінде оларды сыртқы сараптама  
нәтижелерімен салыстыру медицина қызметкерлерінің білім деңгейін арттыру  
және емдеу-диагностикалық үдеріске оңтайлы тәсілдерді пысықтау мақсатында  
ауруханаішілік комиссиялардың отырыстарында, дәрігерлік конференцияларда  
кейіннен ұйымдастырушылық қорытындыларын қабылдай отырып, баяндалады  
ж ә н е т а л қ ы л а н а д ы .

25. Медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін бағалау жүйесі үздіксіз жұмыс істейді және басқару үшін қажетті ақпаратты шұғыл алуды қамтамасыз етеді.

26. Орта медицина қызметкерлерінің жұмыс сапасын өз бетінше бағалау пациенттерге мейірбикелік көмектің қазіргі заманғы түрлерін ұйымдастыру мен көрсетуді жетілдіру және орта медицина қызметкерлерінің қызметіне медициналық көмек стандарттарын енгізу мақсатында жүзеге асырылады.

27. Ішкі сараптаманы жүргізу қызметтің мынадай бөлімдері бойынша бағалауды қамтиды:

1) мейірбикенің жұмыс орнын ұйымдастыру, медициналық құжаттарды жүргізу;

2) індетке қарсы режимді және инфекциялық қауіпті регламенттеуші нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындау;

3) бөлімшеде дәрілік заттарды сақтау, есепке алу және пайдалану ережесінің сақталуы жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

4) еңбекті және өртке қарсы қауіпсіздікті сақтау талаптарын білу және орындау;

5) медициналық жабдықтардың жағдайын, оның жұмысқа дайындығын бағалау;

6) медициналық этика мен деонтологияның негізгі принциптерін білу және орындау;

7) лауазымдық міндеттерді орындау.

28. Мекеменің бас мейірбикесі бөлімше мейірбикелерінің жұмысын бағалайды. Бұл бағалау мыналарды қамтиды:

1) аға мейірбикелердің жұмыс сапасын бағалау;

2) орта медицина қызметкерлерінің жұмысын іріктеп бағалау.

Әрбір бөлімшенің әрбір аға мейірбикесі жұмысының сапасын бағалау үшін бір айда кемінде 1 сараптама жүргізуі тиіс.

29. Бір сараптама жүргізу мынадай 4 көрсеткіш бойынша аға мейірбике жұмысының сапасын бағалауды қамтиды:

1) кадрлық жоспарлау, орта және кіші медицина қызметкерлерін ұтымды орналастыру және пайдалану;

2) орта медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, қайта даярлау, біліктілігін бағалау жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар;

3) бөлімшеде індетке қарсы іс-шараларды бақылауды жүзеге асыру;

4) емдеу үдерісін ұйымдастыру.

30. Бөлімшенің орта медицина қызметкерлерінің жұмысын іріктеп сараптау бөлімшенің медицина қызметкерлерінің жұмысының сапасына сараптама жөніндегі аға мейірбикенің жұмысын бағалау үшін жүргізіледі.

31. Бас мейірбике бөлімшенің медицина қызметкерлерінің жұмысының сапасына және аға мейірбикенің жұмысының сапасын бағалау жөнінде алынған деректерге талдау жүргізеді.

32. Алынған деректер мен қорытынды медициналық ұйымның басшысына және (немесе) оның ішкі бақылау (аудит) қызметіне жетекшілік ететін орынбасарына ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдерді талдау және әзірлеу үшін айына 1 рет баяндалады.

### **3. Медициналық қызметтердің сапасына сыртқы сараптаманы ұйымдастыру тәртібі**

33. Сыртқы сараптама осы Ережеде белгіленген медициналық қызметтердің сапасына сараптама жүргізу қағидаттары сақтала отырып, жүзеге асырылады.

34. Сыртқы сараптама денсаулық сақтау субъектісіне бара отырып та бармай да жүргізіледі.

35. Сыртқы сараптама жүргізу кезінде тұтасымен денсаулық сақтау субъектісі бойынша медициналық қызметтер көрсетудің сапасына сараптаманың қағидаттарын сақтау мәніне ұйымның өзі жүргізген талданатын кезеңдегі ішкі сараптаманың нәтижесі және қабылданған шаралардың барабарлығы талданады. Бірінші кезекте міндетті сараптамаға жататын және пациенттердің шағымдарын қарау жөніндегі жағдайларды ішкі сараптау нәтижесі талданады.

Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері бойынша сыртқы сараптамаға міндетті тәртіппен мыналар жатқызылады:

1) тіркелген жағдайлардың жалпы санынан кемінде 50% жағдай; өліммен аяқталған жағдайлар; ауруханаішілік жұқпалардың туындау фактілері; асқынулар, оның ішінде операциядан кейінгі асқынулар; алдыңғы сапасыз емдеудің салдарынан бір айдың ішінде сол ауруы бойынша қайта емделуге жату;

2) талданатын кезеңде емделіп шыққан науқастардың санынан стационардың әрбір бөлімшесі бойынша стационарлық науқастың кемінде 10% медициналық карталар;

36. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері бойынша сыртқы сараптамаға мыналар жатқызылады:

1) тіркелген жағдайлардың жалпы санынан 100% жағдай; ана өлім-жітімі; 0 жастан 5 жастағы балаларды қоса алғанда үйде өлу; еңбекке қабілетті жастағы адамдардың үйде өлуі; онкологиялық аурулар мен туберкулездің асқынған нысандары;



2) тіркелген жағдайлардың жалпы санынан кемінде 50% жағдай: жүктілік асқынулары: ауыр дәрежедегі гестоздар, асқынған акушерлік қан кетулерімен, гистерэктомиялармен босанулар; еңбекке қабілетті жастағы адамдардың алғаш мүгедектікке шығуы; денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның айқындауы бойынша медициналық көмек басымды болып табылатын аурулар бойынша стационардан шығарылғаннан кейін азаматтарды бақылау;

3) әрбір бөлімшеден және (немесе) маман бейіннен амбулаториялық науқастың кемінде 10 медициналық картасы.

37. Жедел медициналық жәрдем ұйымдастыру бойынша сыртқы сараптама:

1) тіркелген жағдайлардың жалпы санынан кемінде 50% жағдай: тәуліктің ішінде бір ауруы бойынша қайта шақыртулар; шақыру кезіндегі өлім: бригада келгенге дейінгі өлім, бригаданың қатысуымен болған өлім; науқастарды емдеуге жатқызған жағдайда жедел жәрдем мен стационар диагноздарының сәйкессіздігі;

2) әрбір жалпы бейінді және мамандандырылған бригадалар шығуларының кемінде 10 медициналық картасы;

3) қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда ақылы және тегін негізде қан тапсырған барлық донорлардың 50 медициналық карталары сыртқы сараптамаға жатады.

38. Ішкі сараптаманы дұрыс жүргізбеу анықталған жағдайда жоғарыда аталған жағдайлардың 100% сыртқы сараптамамен қамтылады.

39. Шағымдар бойынша сараптама жүргізу кезінде нақты жағдайдағы медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама жүргізіледі.

40. Сараптаманың нәтижелері бойынша нақты жағдай бойынша медициналық көмек көрсету сапасының кемшіліктері көрсетілетін қорытынды әзірленеді және мынадай қорытынды жасалады:

1) көрсетілген медициналық көмектің денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестігі (сәйкессіздігі) туралы;

2) пациентке мемлекет кепілдік берген көлемде тегін медициналық көмекті ұсыну туралы;

3) нақты адамдарды көрсете отырып, тәртіптік және (немесе) әкімшілік шаралар, сондай-ақ, экономикалық шаралар қабылдау үшін негіздемелердің болуы туралы.

41. Экономикалық әсер ету шараларын қабылдауға жататын кемшіліктерді анықтау кезінде анықталған кемшіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жіктеледі және мемлекеттік органның медициналық қызметтер көрсетуге ақы төлеу жөніндегі құрылымдық бөлімшесіне жіберіледі.

42. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау бойынша мемлекеттік органның және (немесе) тәуелсіз сарапшылардың бұрын жүргізген сыртқы сараптамасының нәтижелері болған жағдайда сыртқы сараптама жүргізілмейді. Қайта сараптама бұрын жүргізілген сараптаманың нәтижесімен келіспеген жағдайда жүргізіледі.

43. Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау бойынша мемлекеттік орган сыртқы сараптама жүргізген кезде экономикалық әсер ету шаралары қабылдана отырып, медициналық қызметтер көрсетудің ауытқулары анықталған жағдайларда сыртқы сараптаманың нәтижелері бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне жіберіледі.

44. Медициналық қызметтер көрсетуге ақы төлеу бойынша мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің сұратуы бойынша медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау бойынша мемлекеттік орган сыртқы сараптаманы жүргізеді.

45. Медициналық қызметтер көрсетуге ақы төлеу бойынша мемлекеттік органның сұратуы бойынша жүргізілген сыртқы сараптаманың нәтижелерін медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау бойынша мемлекеттік орган уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша сұратуды алған сәттен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде ұсынады.

46. Сыртқы сараптаманың нәтижесімен келіспеген жағдайда денсаулық сақтау субъектісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды шағымдануға құқылы.

#### **4. Медициналық көмектің сапасына сараптама жүргізу кезеңдері**

47. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама жүргізу кезеңдері:

1) Денсаулық сақтау объектісінің есепке алу және есеп беру құжатын талдау халықтың денсаулық жағдайының орта республикалық және орта облыстық көрсеткіштерімен өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда белгілі бір жұмыс кезеңінде денсаулық сақтау субъектісі қызметінің көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасау мақсатында жүргізіледі.

2) Клиникалық аудитті толық ретроспективалық және/немесе олардың денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен белгіленген стандарттарға сәйкестігі мәніне жүргізілген емдеу-диагностикалық іс-шаралардың ағымдық талдауын зерделеу арқылы жүргізу;

Ішкі және сыртқы индикаторларды талдау осы Ережеге 1, 2-қосымшаға сәйкес динамикадағы шектік мәндерді бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Индикаторлардың шектік мәндері соңғы үш жылдағы статистикалық мәліметтер негізінде есептеледі және олардың мәндері жағдайдың жақсаруына

қ а р а й

т ү р л е н у і

м ү м к і н .

Ішкі сараптаманың нәтижелері сыртқы сараптаманың нәтижелері пайдаланады және салыстырылады, соның негізінде ішкі бақылау (аудит) қызметі жұмысының сапасы мен дұрыстығы туралы қорытынды жасалады.

Шектік мәндерден қиын кемшіліктердің (теріс) болу сәйкессіздіктерді жою мақсатында түзетуші және алдын алушы әрекеттерді қабылдау үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

Ішкі индикаторлардың шектік мәндерден кемшіліктері осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мониторинг журналында тексеріледі.

3) Медициналық қызметтердің сапасына сараптама жүргізу нәтижелерін талдау және қорытындылау акт-тексеруге енгізіледі.

4) Азаматтардың көрсетілетін медициналық көмектің деңгейі мен сапасына қанағаттанушылық дәрежесі пациенттерге және (немесе) олардың туыстарына сауалнама жүргізу арқылы және азаматтардың денсаулық сақтау субъектісінің қызметіне шағымдарының саны бойынша анықталады.

5) Медициналық қызметтер көрсетудің сапасына сараптама жүргізудің қорытындысымен құрылымдық бөлімшенің, денсаулық сақтау субъектісінің басшысы және (немесе) оны алмастыратын адам танысады.

Медициналық қызметтер көрсетудің сапасына сараптама жүргізудің нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда бөлімшенің, денсаулық сақтау субъектісінің басшысы және (немесе) оны алмастыратын адам жазбаша түрде көрсетуі тиіс.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар медициналық қызметтер көрсетудің сапасына сараптама жүргізудің нәтижелері жөніндегі қорытындыға қоса беріледі және ол туралы тиісті белгі жасалады.

48. Медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама жүргізу мыналарды (клиникалық аудит) жүргізу арқылы жүзеге асырылады:

1) қажет болған жағдайда пациентті тексере отырып, медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама жүргізу сәтінде медициналық көмек алатын пациенттердің медициналық құжаттары зерделенетін ағымдағы талдау;

2) медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама жүргізу сәтінде медициналық көмек алатын пациенттердің медициналық құжаттары зерделенетін р е т р о с п е к т и в т і т а л д а у .

49. Медициналық құжатқа талдау жүргізу кезінде:

1) анамнезді жинау сапасы;

2) диагностикалық зерттеулерді жүргізудің толықтығы мен негізділігі;

3) емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, алғашқы 3 күннің ішінде қойылған клиникалық диагноздың дұрыстығы, уақытылығы мен негізділігі;

4) емдеуде болудың, осы нысанда (амбулаториялық-емханалық, стационарлық, стационарды алмастыратын) медициналық көмек алудың негізділігі;

5) мамандардың консультациясының уақтылығы мен сапасы;

6) емдеу, оның ішінде диспансерлік, профилактикалық және оңалту іс-шараларын жүргізудің көлемі, сапасы мен негізділігі;

7) медициналық араласулардан кейін асқынулардың дамуы;

8) қол жеткізілген нәтиже;

9) көрсетілген медициналық көмектің сапасына қанағаттанушылық;

10) медициналық құжатты жүргізудің сапасы бағаланады.

Амбулаториялық-емханалық көмектің деңгейінде диспансерлік, профилактикалық және оңалту іс-шаралары қосымша бағаланады.

50. Анамнезді жинау сапасы мынадай төрт критерий бойынша бағаланады:

1) анамнезді жинаудың болмауы;

2) негізгі құрауыштары бойынша (аллергологиялық бөлім, гемотрансфузиялық бөлім, бастан өткерген аурулар, дәрілік бөлім, ауыр тұқым қуалаушылық) ішінара және толық кемшіліктермен жинау жүйелілігінің болмауы;

3) толық жиынтық кезінде осы жағдайдың баяндалуында маңызды мәні бар негізгі детальдарды бөлудің жоқтығы;

4) анамнезді сапасыз жинау асқынулардың туындауына әкеп соққан тәсілдік қателердің себептері болып табылды.

Пациенттің жағдайы аса ауыр болған жағдайда немесе ол ес-түссіз түскен жағдайда анамнезді жинау сапасы ескерілмейді.

51. Диагностикалық зерттеулердің стандартқа сәйкестігін бағалау кезінде мынадай бес критерий ескеріледі:

1) диагностикалық іс-шаралар мен тексеру жүргізілген жоқ;

2) диагностикалық іс-шаралар дұрыс баяндалмайды немесе соңғысы жоқ, бұл диагнозды дұрыс қоймауға және емдеу тәсілдерін дұрыс таңдамауға әкеп соғады;

3) ауруларды диагностикалау мен емдеу хаттамаларында көзделген диагностикалық зерттеулер жүргізілмеген;

4) пациенттің денсаулық жағдайы үшін жоғары, расталмаған қаупімен диагностикалық ем-шаралар мен қосымша зерттеулерді шамадан тыс жинау;

5) емдеу мерзімін негізсіз ұзартуға, емдеу құнының қымбаттауына әкелген және дұрыс диагноз қою үшін ақпарат бермеген диагностикалық ем-шаралар мен қосымша зерттеулерді шамадан тыс жинау.

Ауруларды диагностикалау мен емдеу хаттамаларының талаптарына, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес қажетті диагностикалық ем-шаралар мен іс-шараларды, өткізбеудің жабдықтардың

жоқтығы, дәрігердің біліктілігінің жетіспеушілігі, науқас жағдайының аса ауыр болуына байланысты диагностикалық зерттеулер жүргізудің қиындығы және реанимациялық іс-шараларға немесе операциялық көрнекілікке шұғыл айғақтары секілді объективтік себептері медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптаманың нәтижесінде көрінеді. Тексеру бойынша стандартты орындамаудың медициналық көмекті жүзеге асырудың келесі кезеңдеріне әсерін бағалау жүргізіледі.

52. Клиникалық диагноз қоюдың дұрыстығы мен нақтылығын бағалау мынадай төрт критерий бойынша бағаланады:

1) диагноз дұрыс қойылды немесе жоқ, оның ішінде диагноз толық емес, аурулардың халықаралық жіктелуіне немесе жалпыға бірдей жіктемеге сәйкес келмейді;

2) аурудың ауыр ағымын анықтайтын жетекші патологиялық синдром бөлінген жоқ, қосалқы аурулары, сондай-ақ асқынулары анықталған жоқ;

3) диагноз дұрыс, толық емес, асқынулар бөлінгенмен жетекші патологиялық синдром бөлінген жоқ, нәтижесі үшін маңызды қосалқы аурулары анықталған жоқ;

4) негізгі аурулардың диагнозы дұрыс, алайда, нәтижесі үшін маңызды қосалқы аурулары диагностикаланған жоқ.

Негізгі ауруларының ауытқыған ағымы, жасырын ауыр қосалқы ауруларының болуы, сирек кездесетін асқынулар мен қосалқы аурулар сияқты дұрыс емес және (немесе) уақтылы емес диагностиканың объективтік себептері медициналық қызметтер көрсетудің сапасына сараптаманың нәтижелерінде көрсетіледі. Дұрыс емес және (немесе) уақтылы емес диагноз қоюдың медициналық көмекті жүзеге асырудың келесі кезеңдеріне әсерін бағалау жүргізіледі.

53. Мамандар консультацияларының уақытылығы мен сапасын бағалау мынадай төрт критерий бойынша бағаланады:

1) консультация жүргізілген жоқ, бұл симптомдар мен синдромдарды қате баяндауға әкеліп соқты және аурудың нәтижесіне теріс әсер етті;

2) консультация: уақтылы жүргізілді, бірақ дұрыс диагноз қою кезінде консультанттың пікірі ескерілген жоқ, бұл аурудың нәтижесіне ішінара әсер етті;

3) консультация уақтылы жүргізілді, дұрыс диагнозды анықтау кезінде консультанттың пікірі ескерілді, бірақ консультанттың емдеу жөніндегі ұсынымы орындалған жоқ, бұл аурудың нәтижесіне ішінара әсер етті;

4) басқа медициналық ұйымның консультанттарын қоспағанда консультанттың пікірі қате.

Ұйымда бұл бейін бойынша мамандардың жоқ болуы себебінен консультацияны кешіктіріп жүргізу, уақтылы емес, сапасыз консультация

себептерінің дұрыстығы мен дұрыс емес және (немесе) уақтылы емес диагноз қоюдың медициналық көмекті жүзеге асырудың келесі кезеңдеріне әсерін бағалау жүргізіледі.

54. Тағайындалған емдеу іс-шараларын бағалау мынадай төрт критерий бойынша бағаланады:

1) айғақтары болған жағдайда емдеудің жоқтығы;  
2) емдеу айғақтарсыз тағайындалған;  
3) емдеу кезінде осы пациенттің ауруы ағымының ерекшеліктерін, қосалқы ауруларын, асқынуларын есепке алмай тиімділігі аз емдеу іс-шараларын тағайындалған;

4) емдеу іс-шаралары органдар мен жүйелердің функциялық жетіспеушілігі, дәрілік заттардың әсер ету тетігінің ерекшеліктері ескерілмей толық орындалмаған;

5) пациенттің бастамасы бойынша емдеуді тоқтатудың құжаттармен ресімделген жағдайларын қоспағанда клиникалық тиімділікке жетпеген және/немесе ауру ағымының ауырлауы кезінде емдеуді уақытынан бұрын тоқтату;

6) денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарынан, оның ішінде ауруларды диагностикалау мен емдеу хаттамаларынан айтарлықтай ауытқу, дәрілердің ауыр кері әсерінсіз және жаңа патологиялық синдромның дамуынсыз полипрагмазияның болуы;

7) денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарынан, оның ішінде ауруларды диагностикалау мен емдеу хаттамаларынан толық ауытқу, жаңа патологиялық синдромның дамуына және пациент жағдайының нашарлауына әкелетін полипрагмазияның болуы.

Емдеу іс-шараларын бағалау кезінде тиімді емдеу іс-шараларын жүргізуге қиындық туғызатын немесе мүмкін болмайтын жағдайлардың болуы және аурудың нәтижесіне әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін медициналық көмектің сапасына сараптаманың нәтижелерінде ескеріледі және көрінеді.

55. Стационар деңгейінде медициналық көмектің сапасына сараптама жүргізу кезінде емдеуге жатқызудан бас тартудың негізділігін бағалау, стационарлардың қабылдау бөлмелеріндегі медициналық көмек көрсету сапасын, жедел жәрдем станцияларымен (бөлімшелерімен) сабақтастықтың болуын, халықтың стационарлық көмекке қолжетімділігін бағалау жүргізіледі. Амбулаториялық-емханалық көмек деңгейінде пациенттер үшін медициналық көмекке қолжетімділігін бағалау, регистратура жұмысын ұйымдастыру жүргізіледі.

56. Медициналық көмектің сапасын бағалауға туындаған асқынулар мен операцияларды орындауда нашар техникалық сапамен түсіндірілетін асқынулар, хирургиялық манипуляцияларды орындаудың және басқа да зерттеу әдістерін

қолданудың салдары болып табылатын операциядан кейінгі асқынулар жатады.

57. Медициналық құжаттарды жүргізудің сапасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 332 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау ұйымының бастапқы медициналық құжаттамасының нысандарына сәйкес жазулардың болуымен, толықтығымен және сапасымен, оның ішінде көшірілген эпикриздердің сапасы, өткізілген емдеу-диагностикалық іс-шараларды баяндаумен, ұсынымдардың толықтығымен анықталады.

Медициналық қызметтер көрсетудің сапасына сараптама жүргізу барысында пациенттің инвазивтік араласуларды жүргізуге ақпараттандырылған келісімін ресімдеу, пациенттің ұсынылған емнен бас тартуы, сондай-ақ, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 56-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда патологоанатомиялық сою жүргізбеу негізділігі бағаланады.

58. Диспансерлік іс-шаралар науқастың жағдайына олардың әсерінің, аурулардың асқыну жиілігінің, олардың ауырлығы мен уақтылығы тұрғысынан ұзақтығының, дәрігерлік тексерулердің тұрақтылығының, өткізілген зертханалық және аспаптық тексерулердің, алдын алу емін тағайындаудың нәтижесінде мынадай критерийлер бойынша бағаланады:

- 1) диспансерлік бақылаудың еселігі;
- 2) тексеру сапасы және тексеру түрлерінің ауруларды диагностикалау мен емдеудің бекітілген хаттамаларына сәйкестігі, хаттамаларға кірмейтін зертханалық-диагностикалық зерттеулерді жүргізудің негізділігі;
- 3) емдеу сапасы мен тағайындалған емдеудің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 764 бұйрығымен бекітілген ауруларды диагностикалау және емдеудің бекітілген хаттамаларына сәйкестігі, дәрілік құралдар мен ем-шараларды тағайындаудың негізділігі;
- 4) емдеуге жіберу кезінде стационарлық емдеуге айғақтарының болуы;
- 5) стационардан шығарғаннан кейінгі бақылау;
- 6) егер науқас стационарлық емдеуге жіберілген, бірақ ол стационарға түспеген жағдайда емдеуді жалғастыру;
- 7) сауығуына байланысты есептен алудың растығы туралы статистикалық мәліметтер.

59. Профилактикалық (профилактикалық тексеріп-қараулар, вакцинация, бірінші жыл өмір сүріп жатқан балаларды, жүкті әйелдерді, отбасын жоспарлау мәселелері) және оңалту іс-шаралары осыларды өткізуге көрсетілімдер болуды, қаншама уақытылы өткізілгені, ауруларды алғаш рет айқындау деңгейі, медициналық байқау нәтижелері бойынша қабылданған шаралар, сауықтыру

іс-шаралары кешенін өткізу, сауықтыру нәтижелері бойынша бағаланады.

60. 5 жасқа дейінгі балалардың алдын алу іс-шаралары мынадай критерийлер бойынша бағаланады :

- 1) балаларды бақылау мерзімін сақтау және мамандар тексерулерінің толықтығы ;
- 2) күтім жасау және тамақтандыру жөніндегі ұсынымдардың уақтылығы;
- 3) уәкілетті орган белгілеген бала жасындағы ауруларды ықпалдастыра қарау және ерте шақтағы балаларды дамыту принциптеріне сәйкес күтім жасау және тамақтандыру жөніндегі ұсынымдардың барабарлығы;
- 4) алдын алу егулерінің күнтізбесін сақтау;
- 5) егулер жүргізгеннен кейін бала денсаулығының жағдайына бақылаудың болуы ;
- б) медициналық қарсылықтардың негізділігі.

61. Жүкті әйелдерге алдын алу іс-шараларын бағалау мынадай критерийлер бойынша бағаланады :

- 1) жүктілігі бойынша есепке алу мерзімі мен бақылау динамикасы;
- 2) перинаталдық скринингтің болуын қоса алғанда тексерудің толықтығы мен тиімділігі ;
- 3) жүктіліктің асқынулары мен экстрагениталдық патологияны уақтылы диагностикалау, оның ішінде экстрагениталдық патологияны анықтау мақсатында бейінді мамандардың консультациясының болуы;
- 4) жүкті әйелдердің қауіп тобының емдеуге жатқызудың жоспарланған деңгейіне сәйкестігі ;
- 5) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тегін және (немесе) жеңілдікті негізде жүкті әйелдерді дәрілік препараттармен қамтамасыз ету.

62. Қол жеткізілген нәтижені бағалау мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі :

- 1) медициналық көмек көрсету технологиясын сақтау кезінде күтілетін клиникалық тиімділікке қол жеткізу;
- 2) диагностикалық іс-шараларды сапасыз жүргізудің салдарынан (анамнезді толық жинамау, тексеру нәтижелерінің жоқтығы немесе интерпретацияның дұрыс еместігі, дұрыс емес немесе нақты емес диагноз қою) емдеу және алдын алу іс-шараларының клиникалық тиімділігінің болмауы;
- 3) осы пациенттің ауруы ағымының ерекшеліктерін, қосалқы ауруларын, асқынуларын, дәрілік заттардың әсері тетігінің ерекшеліктерін есепке алмай аз тиімді емдеу, алдын алу іс-шараларын өткізудің салдарынан күтілген клиникалық тиімділікке қол жеткізілген жоқ;
- 4) қаламаған салдардың дамуымен түсіндірілген полипрагмазияның болуы.

63. Медициналық қызметтер көрсетудің сапасына сараптама жүргізуді







8	Барлық түрлері үшін	Бас тартылған, тастанды және АИТВ жұқтырған және цитостатика қабылдаушы аналарды қоспағанда тек емшек сүтімен коректентін (ТЕК) 6 айлық жас шамасындағы балалардың салыстырмалы салмағы	айына 1 рет	112/е н. баланың даму тарихы	100%	100%	99,9%-99%	0-98
9	Барлық түрлері үшін	Бағыттау көздеріне байланысты есепті кезеңге балаларды емдеуге жатқызудың жалпы деңгейі	тоқсанда 1 рет	МЕДИНФОРМ деректері	Алдыңғы кезеңге қарағанда көрсеткішті 1% төмендету	1%-100%	0,5%-0,9%	0-0,4
10	Барлық түрлері үшін	Пневмониямен емдеуге жатқызылған 5 жасқа дейінгі балалардың салыстырмалы салмағы	тоқсанда 1 рет	МЕДИНФОРМ деректері	Алдыңғы кезеңге қарағанда көрсеткішті 1% төмендету	1%-100%	0,5%-0,9%	0-0,4
11	Барлық түрлері үшін	ОКИ емдеуге жатқызылған 5 жасқа дейінгі балалардың салыстырмалы салмағы	тоқсанда 1 рет	МЕДИНФОРМ деректері	Алдыңғы кезеңге қарағанда көрсеткішті 1% төмендету	1%-100%	0,5%-0,9%	0-0,4
12	Барлық түрлері үшін	Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңге негізделген шағымдардың жалпы саны	тоқсанда 1 рет	Өтініштерді тіркеу журналы	Алдыңғы кезеңмен салыстырғандағы мәні 10% төмендеуі тиіс	10%-100%	8,0%-9,9%	0-7,9

## 2. Стационар педиатрия бойынша

Барлық түрлері	1 жасқа дейінгі балалардың тыныс алу органдарынан	тоқсанда	Есеп беру мәліметтері, стационардағы науқастың медициналық картасы № 003/е н.	Индикатордың мәні нөлге	1,1%-	2'
			Стационардан шыққан науқастың статистикалық картасы № 066/е н.			

13	үшін	өлім-жітім көрсеткіші	1 рет	Патологиялық анатомиялық қорытынды	жетуі тиіс	0-1%	2%	10
14	Барлық түрлері үшін	1 жасқа дейінгі балалардың ішек инфекцияларынан өлім-жітім көрсеткіші	тоқсанда 1 рет	Есеп беру мәліметтері, стационардағы науқастың медициналық картасы № 003/е н.	Индикатордың мәні нөлге жетуі тиіс	0 - 0,5%	0,6%-1%	10
				Стационардан шыққан науқастың статистикалық картасы № 066/е н.				
				Патологиялық анатомиялық қорытынды				
15	Барлық түрлері үшін	Ауруханаішілік инфекция көрсеткіші	тоқсанда 1 рет	Инфекциялық ауруларды есепке алу журналы № 060/е н	2% аспайды	0-2%	2,1-3%	3,10
16	Барлық түрлері үшін	Жоспарланбаған қайта түсу көрсеткіші (бір айдың ішінде бір ауру себебі бойынша)	тоқсанда 1 рет	Есеп беру мәліметтері, стационардағы науқастың медициналық картасы № 003/е. н	0%	0%	0,1-0,5%	0,10
17	Барлық түрлері үшін	Негізгі клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздар айырмашылықтарының көрсеткіші	тоқсанда 1 рет	Патологиялық-анатомиялық тексерулердің хаттамасы; қорытынды, КИЛИ ауруханалары	0%	0%	0,1-10%	10
18	Барлық түрлері үшін	Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңге негізделген шағымдардың жалпы саны	тоқсанда 1 рет	Өтініштерді тіркеу журналы	Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда мәні 10% төмендеуі тиіс	10%-100%	8,0% - 9,9%	0 - 7,

### 3. Терапия

#### БМСК гематология бойынша

19	Барлық түрлері үшін	Гематологиялық аурулардан өлім-жітім көрсеткіші	жылына 1 рет	Облыстық статистика басқармасының мәліметтері	100 000 адамға шаққанда	100 000 адамға шаққанда 0-ден 5-ке дейін	100 000 халыққа шаққанда 5,1-ден 7-ге дейін	100 0 халыққа шаққанда 7 ке емес
20	Барлық түрлері үшін	Гемобластозбен ауырған науқастардың 5 жыл тірі қалуы көрсеткіші	жылына 1 рет	«Онкотіркелім» АБА	50% кем емес	50-100%	45-49,9 %	0-44,9
21		Темір тапшылығы анемиясымен емдеуге	тоқсанда 1 рет	«Стационар» АБА	1% аспайды	0-1%	1,1%-2%	2,1-10

	Барлық түрлері үшін	жатқызылғандардың салыстырмалы салмағы		Диспансерлік карта				
22	Барлық түрлері үшін	Стационарда тәулікке дейінгі өлім - жітім көрсеткіші	айына 1 рет	Ауру тарихы 003/е, стационардан шыққан науқастың стат. картасы н 066	0%	0%	0,1- 1%	1,1-10
23	Барлық түрлері үшін	Осы емхананың күндізгі стационар жағдайында химиотерапия курстарын алған науқастардың саны	тоқсанда 1 рет	033/е-3/Е н. стационардың күндізгі науқасының картасы	50 % кем емес	50% - 100%	20-49,9%	0-19,9
24	Барлық түрлері үшін	Геморрагикалық асқынулары бар гемофилиямен ауыратын стационардағы емдеуге жіберілген науқастардың саны	тоқсанда 1 рет	Ауруханаға жіберілетін журналдар н. 001-6/Е	5% аспайды	0- 5%	5,1-8%	8,1-10
25	Барлық түрлері үшін	Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңдегі негізгі шағымдардың жалпы саны	айына 1 рет	Өтініштерді тіркеу журналы	алдыңғы мерзіммен салыстырғанда мәні 10% төмендеуі тиіс	10% - 100%	8,0% - 9,9%	0-7,9 %

## 4. Терапия

### Гематология бойынша стационар

26		Ауруханаішілік инфекция көрсеткіші (иммунтапшылығының күйі)	тоқсанда 1 рет	Инфекциялық ауруларды есепке алу журналы № 060/е н	0%		0%	0 - 1
27	ЖММК	геморрагикалық асқынулардан өлім-жітім көрсеткіші	тоқсанда 1 рет	Ауру тарихы н. 033/е стационардан шыққан науқастың стат. картасы н. 066/е «Стационар» АБА	10% аспайды		0 - 10%	0 - 1
28	ЖММК	Негізгі клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздар айырмашылықтарының көрсеткіші	тоқсанда 1 рет	Патологиялық-анатомиялық зерттеулердің, конференциялардың, КИЛИ хаттамасы	0%		0%	0 - 1
29	ЖММК	Химиятерапияға қол жетімді жазбасы бар		Ауру тарихы н. 033/е стационардан шыққан науқастың стат. картасы н.	70% кем емес			

		оқиғалардың салыстырмалы салмағы	тоқсанда 1 рет	0 6 6 / е «Стационар» АБА		70%- 100%	€ €
30	ЖММК	Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңдегі негізгі шағымдардың жалпы саны	тоқсанда 1 рет	Өтініштерді тіркеу журналы	алдыңғы мерзіммен салыстырғанда мәні 10% төмендеуі тиіс	10%- 100%	8 9
31	Мамандандырылған	инфекция көрсеткіші	тоқсанда 1 рет	Инфекциялық ауруларды есепке алу журналы № 060/е н	0%	0%	0 2
32	Мамандандырылған	Негізгі клиникалық және патологиялық-анатомиялық диагноздар айырмашылықтарының көрсеткіші.	тоқсанда 1 рет	Патологиялық-анатомиялық зерттеулердің, конференциялардың, КИЛИ хаттамасы	0%	0%	0 1
33	Мамандандырылған	Гематологиялық науқастардың геморрагикалық асқынулардың өлім-жітім көрсеткіші	6 айда 1 рет	Ауру тарихы н. 033/е стационардан шыққан науқастың стат. картасы н. 066/е «Стационар» АБА	10% аспайды	0 - 10%	1 1
34	Мамандандырылған	Химиятерапияға қол жетімді жазбасы бар оқиғалардың салыстырмалы салмағы	тоқсанда 1 рет	Ауру тарихы н. 033/е стационардан шыққан науқастың стат. картасы н. 066/е «Стационар» АБА	70% кем емес	100- 70%	€ €
35	Мамандандырылған	Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңдегі негізгі шағымдардың жалпы саны	айына 1 рет	Өтініштерді тіркеу журналы	алдыңғы мерзіммен салыстырғанда мәні 10% төмендеуі тиіс	10%- 100%	8 9

## 5. БМСК кардиологиясы бойынша

36	Барлық түрлері үшін	Жүректің коронарлық ауруынан өлім-жітім көрсеткіші	жылына 1 рет	Облыстық статистика басқармасының мәліметтері мекенжайы көрсетілген	көрсеткішті төмендету	1
37	Барлық түрлері үшін	Жүректің ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылуынан өлім-жітім көрсеткіші	тоқсанда 1 рет	«Стационар» АБА	Көрсеткішті төмендету	1
38	Барлық түрлері үшін	Гипертониялық дағдарыс күйіндегі артериялық гипертония науқастарын емдеуге жатқызу деңгейі	тоқсанда 1 рет	«Стационар» АБА	3% аспайды	

39	Барлық түрлері үшін	Жүрек-қан тамыр жүйесі, Артериялық гипертензия, миокард инфаркты, Онмк аурулардың асқынуларымен емдеуге жатқызылған тіркелген халық саны ішінен науқастарды емдеуге жатқызу деңгейі	тоқсанда 1 рет	«Стационар» АБА	3% аспайды
40	Барлық түрлері үшін	(1,2,3 және 4 дәрежедегі) стенокардияның күшею оқиғаларының жалпы санынан 1,2 дәрежедегі нысандардың күшею стенокардиясының салыстырмалы салмағы	тоқсанда 1 рет	Амбулаториялық карта н. 025/е, статистикалық талон 025/е	70 % кем емес
41	Барлық түрлері үшін	Жүректің коронарлық ауруымен «Д» есебінде тұрған науқастардың ішінен жіті коронарлық синдроммен емдеуге жатқызу деңгейі	тоқсанда 1 рет	«Стационар» АБА	20% аспайды
42	Барлық түрлері үшін	«Д» есепте тұрған артериялық гипертониядан зардап шегушілердің ішінен қан тамыр жүйесінің айналымының жіті бұзылуымен емдеуге жатқызудың салыстырмалы салмағы	тоқсанда 1 рет	«Стационар» АБА Диспансерлік карта	10% аспайды
43	Барлық түрлері үшін	Осы емхананың күндізгі стационар жағдайында оналтудан өткен жүрек қан тамыры операциясы жасалған науқастардың салыстырмалы салмағы	тоқсанда 1 рет	н 033\е күндізгі стационар науқастары	100%
